

Қоғамдық кеңестің хаттамасы № 11

22 қараша сағат 11 00

Ақсуат аудандық мәслихатының кеңесі.

Ақсуат аудандық қоғамдық кеңеснің кезектен тыс отырысы болып өтті.

Қоғамдық кеңестің отырысына күн тәртібіне байланысты қоғамдық кеңес мүшелерінен Жұмаханов Е (төраға), Кемербаев Б, Тоқтабаев Е, Бұлантаев Айдарбек, Жәлелбеков Сәбет, Рахымжанов Талғат, Аққазин Ахмет қатысты, шақырумен аудандық салық басқармасының бастығы Ұлан Тайғұлов, Ақсуат аудандық кәсіпкерлер палатасының директоры Е.Нұғиев, Ақсуат аудандық ауылшаруашылық және кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы Ә.Әйетов қатысты.

Күн тәртібінде

Ақсуат ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы мәселе ұсынылды.

Тындалды

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Е. Нұғиев хабарлама жасады.

Сұрақтар

Е. Жұмаханов – Сіздер салықты төмендетеміз дейсіздер, сонда аудан бюджетіне түсетін салықтың мөлшері төмендеп кетпей ме?

А.Аққазин –Мұндай жеңілдік болса кәсіпкерлердің барлығы осыған көшуге тырысады, ал оның зияны бюджетке тиеді ғой, сіздер осы жағын ойладыңыздар ма?

Жарыс сөз.

Е. Нұғиев –Сіздердің пікірлеріңіз дұрыс, бірақ бұл екінші жағынан кәсіпкерлер санын арттыруға көмектеседі деп ойлаймын. Бұл Алматы, Ұлытау облыстарында қолданысқа енгізіліп отыр. Сол себепті басқа облыстарға да ұсыныстар түсіп жатыр, осы мәселеге қоғамдық кеңестің келісімі қажет екен, сіздермен осы мәселені талқылау үшін ұсынып отырмыз.

Б.Кемербаев –Бізге салықты дұрыс төлемеу фактілері бар ғой, мысалы дүкендерге барсаң бірнеше сатушы, жұмысшылар жүреді, шаруа қожалықтарында да солай бірнеше бақташы бар. Бірақ солар салық басқармасына бір, екі адам ғана тіркейді. Себебі олар зейнетақы, жеке табыс

салығын төлеуден жалтарады. Ал жеке адамдар конвертпен ақша алғанды жақсы көреді. Міне бізде салықтың аздығы осыдан пайда болады. Ал осындай жағдайда кәсіпкерлер салықтың аз төлеуіне ынталы болатыны айтпасада түсінікті.

А.Иманғалиева - Сіздер жеке монша жағушылардан, такси жүргізушілерден салық жинау қалай ұйымдастырылған, менің сұрағым Ұлан сізге?

Ұ.Тайғұлов –Біз қазір монша иелерінен салық жинауды ретке келтірдік, дүкендерді бағалауды қайтадан қарап жатырмыз, менің пікірім бұл мәселені нақтылау керек, қайтадан есептеу керек деп ойлаймын. Қазір 1000-ға жеке кәсіпкерлер бар, ал біз 2 пайызға көшетін болсақ олардың саны күрт артады, бірақ салық көлемі азайуы мүмкін.

Е.Тоқтабаев- Менімше қазірде 4 емес 3 пайызбен төлеп отырған көрінеді, сол себепті менің пікірім бұрынғымен қалтыру керек.


А. Бұлантаев- Қазір мал шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлердің көбі шаруа қожалығы емес жеке кәсіпкер болып тіркеліп алған, олар бұған қуана, қуана келіседі. Қазірдің өзінде қаншама салықтан айырылып отырмыз. Ал бұлай болған жағдайда шаруа қожалықтары да 2 пайызға көшуге тырысады, оның жолын табады. Сол себепті бұл мәселеге дұрыстап қарау керек және бұл енді ғана қолға алынып жатыр ғой, асықпағанымыз жөн. Барлық жеке кәсіпкерлерден түсетін салыққа толық анализ жасау қажет.

Тыңдалым қорытындысы бойынша қоғамдық кеңес
төмендегідей қарар қабылдады.

Қ А Р А Р

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Е. Нұғиевтың хабарламасын тыңдай келе жоба кері қайтарылды. Алдағы уақытта бұл мәселеге толық анализ жасап және аудан әкімдігін де хабардар ету керектігі Е.Нұғиев пен Ә.Әйетовке тапсырылды.

Қоғамдық кеңестің төрағасы



Е.Жұмаханов

Қоғамдық кеңестің хатшысы



А.Иманғалиева